БЕКІТЕМІН
Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев
«____»_____2025ж.

КЕЛІСЕМІН
Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы
_____Е.Н. Мусагалиев
«____»_____2025 ж.

«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында «Біз – күн перзентіміз» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының халықаралық фестиваль-конкурсы.

ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже «Біз – күн перзентіміз» / «Мы дети солнца»/ Халықаралық балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы фестиваль-конкурс өткізудің ережелері мен тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, материалдармен қамтамасыз ету тәртібін, мерзімін, қаржыландыру тәртібі айқын көрсетілген.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Құрылтайшылары: Маңғыстау облысы әкімдігі, Ақтау қаласы әкімдігі Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Маңғыстау»телеарнасы және Маңғыстау облысының БАҚ

2. **Мақсаттар мен міндеттер:**
• Мәдени ынтымақтастық пен шығармашылық арқылы халықаралық қатынастарды нығайту
• Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту үшін жағдай жасау,
• балалардың қарым-қатынасын өзара байыту үшін қосымша мүмкіндіктер ашу;
• Каспий маңы мемлекеттерінің балалар шығармашылық ұжымдары арасында шығармашылық байланыс орнату

3. Фестиваль-конкурстың шарттары:
Өтетін күні: 2025 жылы 20-22 тамыз.
Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы.

4. Фестиваль аясында келесі жанрлар бойынша байқаулар өткізіледі:
• вокал – эстрада (жеке, дуэт)
• хореография
• халықтық орындау (жеке, дуэт)
5.Қатысушылардың жас санаттары:
7 - 11 жас
12-16 жас

Байқау шарттары:

1. Вокал: байқауға флеш-картаға жазылған ФГМ (-1) бойынша екі түрлі шығарма жіберіледі. 1- ән өз ана тілінде, 2- ән байқауға қатысушының қалауы бойынша орындалуы керек. Әр ән 4 минуттан аспайды. Репертуар орындаушының жасына сәйкес болуы керек. Байқауда солистке арналған жазба әуені бар ФГМ немесе дуэттің бэк-вокалын қолдануға рұқсат етілмейді. Ашық алаңда гала-концертте өнер көрсету үшін қатысушылардың жанында плюс фонограммасы болуы керек.

2. Хореография – байқауға әрқайсысы 5 минуттан аспайтын 2 түрлі би ұсынылады. 1-ші би – халық немесе стильді түрде халық биі, 2-ші – еркін. Фонограмма сапалы, флеш-картаға жазылған болуы керек. Ансамбльде жетекшінің қатысумен 12 қатысушыдан аспауы керек.

3. Халықтық орындаушылық (халық аспабында аспапта орындау немесе халық әнін өз сүйемелдеуімен халық аспабында орындау): Байқауға жалпы ұзақтығы 7 минуттан аспайтын 2- түрлі шығарма орындалады.
Конкурстық қойылымдардың фонограммалары фестиваль басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей ұйымдастыру алқасына E-mail: dk-abai@mail.ru **raduga_0@mail.ru** электронды поштасына жіберілуі тиіс.

Қазылар алқасының тәртібі:

Байқауға қатысушылардың өнерін Қазақстан Республикасы мен қатысушы елдердің белгілі мәдениет қайраткерлерінен құралған қазылар алқасы бағалайды. Қазылар алқасы әр номинация және жас тобы бойынша сайыскерді өнер көрсеткеннен кейін бірден 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының бағасы қайта қарауға жатпайды.

Бағалау критерийлері:
- Орындаушылық шеберлігі
- Репертуардың және орындау тәсілінің қатысушының жасына сәйкестігі
- Сахна мәдениеті
- Орындаушының сыртқы келбеті
- Өзіндік және жаңашылдық

Жеңімпазды марапаттау рәсімі:
Гран-при барлық номинациялар үшін бір беріледі.
Әрбір номинацияда және әр жас шамасы бойынша 1, 2 және 3 жүлделі орындардың лауреаттары атақтары арнайы дипломдармен және кубоктармен марапатталады.
Барлық қатысушылар фестиваль қатысушыларының дипломдарымен және естелік кәдесыйлармен марапатталады.

Қазылар алқасының шешімі бойынша қатысушыларға арнайы сыйлықтар беріледі.

Делегация жетекшілерінің назарына!

1. Фестивальдің ұйымдастыру комитеті әрбір делегациядан Маңғыстау мен Ақтауды мерейтойлық даталармен құттықтау үшін құттықтау, шығармашылық құттықтау және кәдесый дайындауды сұрайды.
2. Қатысушыларда екі жаққа бару билеттері болуы керек. Келуге дейін 10 күннен кешіктірмей фестивальді ұйымдастыру комитетіне келу және кету күні туралы хабарлау қажет.

3. Фестивальді ұйымдастыру комитеті тек фестиваль күндерінде және ресми шақыруы бар фестивальге қатысушылар мен бірге жүрушілер үшін тамақ, тұрып жүру, трансфер әуежайы (темір жол) – қонақ үй – әуежай (темір жол) және мәдени бағдарламаның ақысын төлейді. . Қосымша ілесіп жүрушілер шығындарын өздері көтереді. Белгіленген уақыттан тыс жүрген қатысушылар өздері төлейді.

Делегациялардың келуі 19.08. 2025 ж. 14-00. Шығу 22-23.08. 2025 ж. түскі 12-ге дейін. Келу және кетудің жеке шарттары қосымша талқыланады.

Фестивальге қатысу үшін фестивальдің ұйымдастыру комитетіне 2025 жылдың 25 шілде дейін:
• әр орындаушы немесе топ үшін қатысуға өтінім;
• ұжымның немесе қатысушының шығармашылық ерекшеліктері;
• Қатысушы ұжымның немесе қатысушының суреті /2-3 дана/
• туу туралы куәліктің көшірмесі мен тізімі
• көлденең түсірілген топ немесе жеке орындаушының жақсы сапалы бейне жазбасы.

Фестиваль құрылтайшылары қатысушылар жіберген бейнематериалдарды, баспа және басқа да өнімдерді олардың келісімінсіз және фестиваль талаптары мен мақсаттарына сәйкес пайдалануға және таратуға құқылы. Фестиваль қатысушысы қатысуға өтінім беру арқылы жарияланған музыкалық туындыларды пайдалануға мынадай құқықтары бар екеніне кепілдік береді:

• жұмысты орындау құқығы
• туындыны келесі жолдармен одан әрі пайдалану құқығы: жазу, интернет арқылы беру, мобильді технологиялар, көпшілік алдында орындау, көпшілікке көрсету, көбейту, тарату.
Қатысушы фестивальге қатысу, жеңімпаздарды марапаттау, фестивальге қатысты қажетті құжаттарды ресімдеу үшін жеке деректерді өңдеуге келіседі. Жеке деректерге мыналар кіреді: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, төлқұжат мәліметтері, байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы,

азаматтығы, биометриялық жеке деректер / фотосуреттер, дауыстық жазбалар, бейне суреттер.

Қатысуға өтінім беру арқылы қатысушы осы Ереженің талаптарымен келісетінін растайды.

Фестивальдің ұйымдастыру комитеті өтініштер мен материалдарды қарағаннан кейін ғана шақыруды жібереді.

Топ жетекшілері, ілесіп жүретін адамдар немесе ересек қатысушылар жарыс кезінде, сондай-ақ мәдени іс-шаралар кезінде делегация құрамына енгізілген балалардың өмірі мен денсаулығына толық жауапты.

Қатысушылар жарыс өтетін жерге дейін жол ақысын өздері төлейді. Келу орнынан /әуежайдан, вокзалдан/ трансфер, фестиваль кезінде трансфер, қатысушылардың тұруы мен тамақтануын фестивальді ұйымдастырушы төлейді. **Ұйымдастыру комитетінің жазбаша шақыруынсыз келген қатысушылар фестивальге қатысуға жіберілмейді.**

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:
130000 Қазақстан, Ақтау, Маңғыстау облысы
Абай атындағы мәдени-демалыс кешені 4 шағын ауданы
Тел. +7 701 3378208
электрондық пошта: raduga_0@mail.ru
WhatsApp, Telegram +7 701 3378208